

Лексикалық–грамматикалық және елтану тестілері

9-сынып

1. Нақ осы шақтағы етістікті табыңыз.

- a) кешікті
- b) айтқан
- c) отыр
- d) жүзеді
- e) айтты

2. Антоним сөзі бар мақал-мәтелді табыңыз.

- a) Ақылың аз, ашуың көп болса – қор боласың.
- b) Адал достық алтыннан да қымбат.
- c) Тіл тас жарады, тас жармаса, бас жарады.
- d) Ашуың келсе, қолың тарт.
- e) Татулық – табылмас бақыт.

3. Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойыңыз. Мен ертең Астанаға ...

- a) кетемін
- b) келдім
- c) кетіппін
- d) кеткенмін
- e) кеттім

4. «Арық ...» сөзімен тіркесетін сын есімді табыңыз.

- a) қалам
- b) аспан
- c) ағаш
- d) қой
- e) дәптер

5. Көп мағынаға ие бола алатын сөзді көрсетіңіз. *Бәрін қойып, ашық әңгімеге кірісейік.*

- a) әңгімеге
- b) қойып
- c) кірісейік
- d) ашық
- e) бәрін

6. Тұйық етістікті көрсетіңіз.

- a) түзу
- b) баяу
- c) күлу
- d) жаяу
- e) сұлу

7. Сөйлемді аяқтаңыз. Табиғатты ... !

- a) қайтар
- b) қорға
- c) өткіз
- d) жу
- e) күрес

8. “Тазалық – саулық негізі, саулық – байлық негізі”. Бұл мақалда не туралы айтып тұр?

- a) егіншілік
- b) батырлық
- c) ас, тағам
- d) ынтымақ
- e) денсаулық

9. «Көзі ашық» деген сөз тіркесінің мағынасын табыңыз.

- a) көргіш
- b) анық
- c) жылдам
- d) білімді
- e) белгілі

10. Сөйлемнің түрін анықтаңыз. *Гүлдей бер, туған жерім*

- a) Құрмалас
- b) Лепті
- c) Сұраулы
- d) Жалаң
- e) Толымсыз

11. Сөздердің қайсысы туынды түбір, көрсетіңіз.

- a) аспанда
- b) сызғыш
- c) аста
- d) ақылым
- e) менде

12. Көп нүктенің орнына қандай одағайды қолдану керек? ..., ауылдан көптен күткен әжем келді!

- a) алақай
- b) тәйт
- c) қап
- d) ойбай
- e) бәсе

13. Қандай шылау қою керек? Біз бүгін ерте шықтық, ... сабақтан қалып қойдық.

- a) және
- b) немесе
- c) біресе
- d) сол себепті
- e) бірақ

14. Жұмбақты шешіңіз. Кішкене ғана қараша,
Туған жері тамаша.
Бір мезетте жер жүзін,
Алады шарлап қараса.

- a) тіл
- b) жүрек
- c) көз
- d) саусақ
- e) қол

15. Тыныс белгілері дұрыс қойылған сөйлемді белгілеңіз.

- a) „Біріншіден, көбі келген жоқ оқушылар“ деді класс жетекші.
- b) „Біріншіден, көбі келген жоқ оқушылар“, - деді класс жетекші.
- c) „Біріншіден, көбі келген жоқ, оқушылар“ деді класс жетекші.
- d) „Біріншіден, көбі, келген жоқ оқушылар“ - деді класс жетекші.
- e) „Біріншіден, көбі келген жоқ, оқушылар“, - деді класс жетекші

16. Астананың орналасқан жерін табыңыз.

- a) Сарыарқа даласы
- b) Көкшетау бауыры
- c) Науырзым қорығы
- d) Бетпақ даласы
- e) Оңтүстік аймақ

17. Сырға, білезік, алқа жасайтын адамды қалай атайтынын белгілеңіз.

- a) ұстаз
- b) шебер
- c) жүргізуші
- d) зергер
- e) оқытушы

18. Қазақ музыкасын әлемге тұңғыш танытқан әншіні көрсетіңіз.

- a) К.Бәйсейітова
- b) Қ.Жандарбекова
- c) К.Қуанышбаев
- d) Ә.Қашаубаев
- e) Б.Төлегенова

19. Толықтырыңыз: Тудағы қанатты қыран ... белгісі.

- a) бақыттың
- b) еркіндіктің
- c) заманның
- d) уақыттың
- e) қуаныштың

20. Ежелгі Отырар қай облыста екенін табыңыз.

- a) Солтүстік Қазақстан
- b) Жамбыл
- c) Оңтүстік Қазақстан
- d) Қызылорда
- e) Алматы